

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI UNIVERSITY

27 сәуір
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» (БАЙСАЛОВ ОҚУЛАРЫ - 2023)
*халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдары*



МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
**ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПРАВОПОРЯДКА В
СИСТЕМЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ» (БАЙСАЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ
2023)**
27 апреля

MATERIALS
of the international scientific and practical conference
**"PROBLEMS OF ENSURING ENVIRONMENTAL LAW AND ORDER IN
THE ENVIRONMENTAL SAFETY SYSTEM" (BAYSALOV READINGS
2023)**
27 april

Алматы, 2023

УДК 349.6
ББК 67.407
Э 18
ISBN 978-601-04-6071-3

Редакция алқасы: Еркинбаева Л.Қ. (бас редактор), Ережепқызы Р. (бас
Редакционная коллегия: редактордың орынбасары) Есетова С.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2023 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру ғылыми-зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде ИРН АР14872548 «Қазіргі заманғы экологиялық құқықтық тәртіп: қазақстандық кейс» «экологиялық қауіпсіздік жүйесіндегі экологиялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері» (Байсалов оқулары - 2023)» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.

Конференция жұмысына 100-ден астам қатысушы болды. Оның ішінде - Қазақстан Республикасының және шет елдердің мемлекеттік органдарының, қоғамдық ұйымдарының және ғылыми қоғамдастығының жетекші басшылары мен мамандары.

Басылым экологиялық құқық саласында зерттеу және тәжірибемен айналысатын ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған.

Материалы международной научно-практической конференции «Проблемы обеспечения экологического правопорядка в системе экологической безопасности» (Байсаловские чтения 2023)», которая прошла в Казахском национальном университете имени аль-Фараби 27 апреля 2023 года в рамках реализации научно-исследовательского проекта грантового финансирования Министерства образования и науки Республики Казахстан ИРН АР14872548 на тему: «Современный экологический правопорядок: казахстанский кейс».

В работе конференции очно и дистанционно приняли участие более 100 человек. Принимали участие ведущие руководители и специалисты государственных органов, общественных организаций и научное сообщество Республики Казахстан и зарубежных стран.

Издание представляет интерес для студентов, магистрантов, докторантов и ученых в сфере теории и практики экологического права.

Materials of the international scientific and practical conference "Problems of ensuring environmental law and order in the environmental safety system" (baysalov readings 2023)", which was held at Al-Farabi Kazakh National University on april 27, 2023 as part of the implementation of the research project of grant funding of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan IRN AP14872548 on the topic: "Modern environmental law and order: Kazakhstan case".

More than 100 people took part in the conference in person and remotely. The leading heads and specialists of state bodies, public organizations and the scientific community of the Republic of Kazakhstan and foreign countries took part.

The publication is of interest to students, undergraduates, doctoral students and scientists in the field of theory and practice of environmental law.



Статьи воспроизведены методом прямого копирования, за содержание материалов ответственность несут авторы

СОДЕРЖАНИЕ

ПРЕДИСЛОВИЕ	6
Еркинбаева Л.К. ПРОБЛЕМЫ ОХРАНЫ И РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПАСТБИЩНЫХ ЭКОСИСТЕМ В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	7
Узакбаева Г.Ш. ОТРАЖЕНИЕ ВОПРОСОВ КЛИМАТА В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН.....	12
Анисимов А.П., Резванова Л.А. ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ.....	14
Нигматуллина Э.Ф. ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ ТАТАРСТАН.....	19
Мороз О.В. ОБЩЕСТВЕННЫЕ ЭКОЛОГИ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ИНСПЕКТОРЫ ОХРАНЫ ЖИВОТНОГО И РАСТИТЕЛЬНОГО МИРА КАК СУБЪЕКТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ БЕЛАРУСЬ.....	22
Куратов С.Г., Омарбекова А.Ж. ПРИМЕНЕНИЕ И ТОЛКОВАНИЕ СУДАМИ НОРМ МЕЖДУНАРОДНЫХ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ КОНВЕНЦИЙ, ПРИНЦИПОВ И НОРМ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПРАВА.....	25
Есетова С.К., Имангазиев Т.А., Жолмахан А.М. К ВОПРОСУ О ПРИНЦИПАХ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПРАВОПОРЯДКА.....	29
Озенбаева А.Т. АКТУАЛЬНЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПРАВОПОРЯДКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	35
Ережепқызы Р. МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ ПРИНЦИПЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПРАВООПОРЯДКА	40
Куаналиева Г.А., Абишева М.Н. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК.....	48
Қуандықов Қ.Ж., Абдрахманов Р.З. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	52
Жусупбекова М.К. ПРИНЦИПЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ИХ СОДЕРЖАНИЕ.....	57
Махкамов Д.Н., ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО О РАСТИТЕЛЬНОМ МИРЕ В РЕСПУБЛИКЕ УЗБЕКИСТАН: ВЧЕРА И СЕГОДНЯ.....	61
Баимбетов Н.С. СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ НОРМ В ОБЛАСТИ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	64
Ақшатаева Ж.Б., Айгаринова Г.Т. ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ БИОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАК ЗАЛОГ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗДОРОВОЙ НАЦИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	68
Нургазин Е.К. ПРОБЛЕМЫ ПРАВООПОНИМАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА.....	71
Жусупбекова М.К., Тойлыбекова Э. ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ.....	76
Асилбекова Л.Р. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР СӨТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	79
Татанова Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	83
Москвина В.И. ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО НОРМИРОВАНИЯ КАЧЕСТВА	

ПОДЗЕМНЫХ ВОД В РЕСПУБЛИКЕ БЕЛАРУСЬ.....	88
Наширбекова А.М. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТҮСІНІГІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МАЗМҰНЫ.....	91
Zakenova D.S. ADMINISTRATIVE RESPONSIBILITY FOR ENVIRONMENTAL OFFENSES.....	100
Akhmedzade Ch.N. PUBLIC ADMINISTRATION BODIES IN THE FIELD OF THE ENVIRONMENT PROTECTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE REPUBLIC OF AZERBAIJAN AND THE MAIN DIRECTIONS OF THEIR ACTIVITIES.....	102
Aliyeva J.T. THE REGULATION OF ENVIRONMENTAL PROTECTION. ASSESSMENT OF ENVIRONMENTAL SELF-CONTROL AND ENVIRONMENTAL POLICY IN REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND AZERBAIJAN.....	106
Abbasova R.İ. COMPARATIVE ANALYSIS AND PROBLEMS OF IMPLEMENTATION OF THE NEW ENVIRONMENTAL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	109
Huseynzade R.M. ENVIRONMENTAL LEGISLATION OF THE CASPIAN LITTORAL STATES: LEGAL APPROACHES TO ENVIRONMENTAL PROTECTION AND COMPENSATION FOR ENVIRONMENTAL DAMAGE.....	113
Kheyri S.T. COMPARISON ANALYSIS OF LEGAL REGULATION OF ENVIRONMENTAL EXPERTISE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE REPUBLIC OF AZERBAIJAN.....	117
Шукурлаев К. ЖЕР ҚОЙНАУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ МАҢЫЗЫ.....	120
Оразбек С.Б., Рсимбетов А.С. ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ.....	124
Aldabek A.E., Kanat A., GENERAL ISSUES OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF RENEWABLE ENERGY SOURCES IN KAZAKHSTAN.....	126

СТЕНДОВЫЕ ДОКЛАДЫ

Järvelaid P. GESCHICHTE DER POLITISCHEN IDEEN IM BALTİKUM: ÜBER VERRÜCKTE DES KAISERS IN DER KULTUR.....	129
Жатқанбаева А.Е., Абишева М.Н. ПРОБЛЕМЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В ОБЛАСТИ СТРАХОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	135
Қуандықов Қ.Ж., Жүнісбаев Е.Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТАРИФТІК ЕМЕС РЕТТЕУ ШАРАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	139
Järvelaid P. DIE GESCHICHTE DER DEUTSCHEN RECHTSWISSENSCHAFT IM 20. JAHRHUNDERT UND DAS BALTİKUM.....	143
Шеримова Н.Ш. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРИНЦИПОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ЗАНЯТОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ.....	153
Сейтова Р. М., Адирбаева А.А. ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЕКЛАРАЦИИ О ГОСУДАРСТВЕННОМ СУВЕРЕНИТЕТЕ КАЗССР В КОНТЕКСТЕ ВТОРОЙ РЕСПУБЛИКИ.....	159
Järvelaid P. DIE GESCHICHTE DER ERFORSCHUNG DES OSTEURÖPÄISCHEN RECHTS IN DER ZWEITEN HÄLFTE DES 20. JAHRHUNDERTS	160
Токушев К.А., Жапарбек А., Тагайбек К. МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КАТЕГОРИИ «ДОБРОПОРЯДОЧНОСТЬ» В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ.....	168

Абдухаимова А. ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕГІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	172
Бейсембаева А.О. ХАЛЫҚҚА ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДА ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ.....	175
Конарбаева М.М. ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ И УПРАВЛЕНИЕ В ОБЛАСТИ ОХРАНЫ И ЗАЩИТЫ ПРАВ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	178
Мамраева А.А. ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР БОЙЫНША МҰРАГЕРЛІК ҰҒЫМЫ.....	183
Кашкынбекова У.Н. АЛИМЕНТ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТІЛЕРІ.....	187
Тажмуратова А.А. ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ ВЛИЯЮЩИЕ НА ТОКСИЧНОСТЬ ОТРАБОТАВШИХ ГАЗОВ АВТОМОБИЛЕЙ.....	191
Bishen T.J. ANALYSIS OF THE INSTITUTIONS OF ALIMONY OBLIGATIONS IN FAMILY LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	196
Кукузов Қ.А. ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ SOME ISSUES LEGAL REGULATION OF FINANCIAL CONTROL.....	205
Amanbayev A. THE LEGAL SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF THE IMPLEMENTATION OF THE CONCEPT OF LEGAL POLICY.....	208
Абильдаева Д.С. МЕЖДУНАРОДНЫЕ ДОГОВОРЫ ПО ВОПРОСАМ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ КАК ЧАСТЬ МЕЖДУНАРОДНОГО НАЛОГОВОГО ПРАВА.....	209
Николаева Э.С. ТАМОЖЕННОЕ ОФОРМЛЕНИЕ И ТАМОЖЕННЫЙ КОНТРОЛЬ: ПОНЯТИЯ И ПРАВОВАЯ СУЩНОСТЬ.....	210
Алимкожаева А.А. ПРАВОВОЙ СТАТУС НОТАРИУСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	212
Begaliyeva Z.B. THE ROLE OF INTERNATIONAL COURTS AND ARBITRATIONS IN RESOLVING ENVIRONMENTAL DISPUTES.....	214
Asadov N.A. THE LEGAL REGULATION OF COMPENSATION FOR DAMAGE CAUSED BY SHIP-SOURCE OIL POLLUTION IN KAZAKHSTAN.....	218
Нама Hassan, Agrin DOMESTIC VIOLENCE.....	221
Айгаринова Г.Т., Туленова А.М. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	223
Закенова Д.С. PROBLEMS OF APPLICATION OF INTERNATIONAL EXPERIENCE IN THE NATIONAL LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ON ENVIRONMENTAL PROTECTION IN CONNECTION WITH TECHNOGENIC IMPACT.....	230

МРНТИ 10.53.22

Г.Т. Айгаринова, А.М.Туленова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ- ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби 71, Алматы, Қазақстан

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби 71, Алматы, Қазақстан
e-mail: ainuwka_muhtarovna@mail.ru

Аннотация. Жер ресурстарын тиімді пайдалану және басқару мемлекеттің барлық салаларына ықпал ететін, мемлекет алдындағы әрдайым дамытуды қажет ететін приоритетті бағыттардың бірі. Жер ресурстарын басқару оның құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдері арқылы жүзеге асады. Бұл механизмдер мемлекеттегі жер саясатын дамытуға бағытталған. Дегенмен, қазіргі таңда жер ресурстарын рационалды пайдалану мен басқаруда мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдердің тиімсіз болуы көрініс табады. Мақалада Қазақстандағы жер ресурстарын басқарудың құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдерінің кемшіліктері талдана отырып, оларды жетілдіру жолдары ұсынылады. Автор зерттеу барысында танымның жалпы және арнайы әдістерінің жиынтығын пайдаланды: жүйелік және теориялық талдау, салыстырмалы құқықтық, анализ, синтез, дедукция, индукция әдістері қолданылды. Зерттеу барысында жер ресурстарын тиімді пайдалану мен басқаруда құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдерді дамытуды қажет ететін маңызды мәселелер анықталды. Сондай-ақ, автор жер ресурстарын нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мақсатында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы жер заңнамасына талдау жасады. Жер ресурстарын тиімді пайдалану және басқаруды құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдері арқылы жетілдіру бойынша қорытындылар мен нақты ұсыныстар берілді. Аталған ұсыныстар мен қорытындылар, жер қатынастарын реттеу практикасында өз қолданысын тауып, мемлекеттің жер ресурстарын басқару жүйесін жетілдіруде маңызды бағыттар болып табылады.

Кілттік сөздер: жер ресурстары, құқықтық механизмдер, ұйымдастырушылық механизмдер, жер заңнамасы.

Abstract. Rational use and management of land resources is one of the priorities of the state, which affects all areas of the state and requires constant development. Management of land resources is carried out through its legal and organizational mechanisms. These mechanisms are aimed at developing land policy in the country. However, the current inefficient legal and organizational mechanisms of the state in the rational use and management of land resources are reflected. The article analyzes the shortcomings of the legal and organizational mechanisms of land management in Kazakhstan and suggests ways to improve them. The author used a set of general and special methods of cognition: systematic and theoretical analysis, comparative law, analysis, synthesis, deduction, induction. The study identified important issues that require the development of legal and organizational mechanisms for the efficient use and management of land resources. The author also analyzed the current land legislation of the Republic of Kazakhstan in order to use land resources for their intended purpose. Conclusions and specific recommendations for improving the efficient use and management of land resources through legal and organizational mechanisms were presented. These recommendations and conclusions are important in improving the system of land management of the state, which finds its application in the practice of regulation of land relations.

Keywords: land resources, legal mechanisms, organizational mechanisms, land legislation.

Аннотация. Рациональное использование и управление земельными ресурсами является одним из приоритетов государства, которое затрагивает все сферы государства и требует постоянного развития. Управление земельными ресурсами осуществляется через его правовые и организационные механизмы. Эти механизмы направлены на развитие земельной политики в стране. Однако находит свое отражение действующая неэффективность правовых и организационных механизмов государства в области рационального использования и управления земельными ресурсами. В статье анализируются недостатки правовых и организационных механизмов управления земельными ресурсами в Казахстане и предлагаются пути их совершенствования. Автор использовал комплекс общих и специальных методов познания: систематический и теоретический анализ, сравнительное правоведение, анализ, синтез, дедукция,

индукция. В ходе исследования выявлены важные вопросы, требующие разработки правовых и организационных механизмов эффективного использования и управления земельными ресурсами. Также автор проанализировал действующее земельное законодательство Республики Казахстан в целях использования земельных ресурсов по их целевому назначению. Были представлены выводы и конкретные рекомендации по повышению эффективности использования и управления земельными ресурсами с помощью правовых и организационных механизмов. Эти рекомендации и выводы могут быть использованы в практике регулирования земельных отношений и явиться важным направлением совершенствования системы землеустройства государства.

Ключевые слова: земельные ресурсы, правовые механизмы, организационные механизмы, земельное законодательство.

Кіріспе

Жер адамзаттың бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыратын негізгі бастамасы, сондай-ақ өндірістің ең басты шарты болып табылғандықтан оның адам өміріндегі маңызы зор екендігі сөзсіз. Адамзаттың өмірін жер ресурстарын үздіксіз пайдаланусыз елестету мүмкін емес, ол қоғамдық қатынастардың материалдық факторы және объектісі ретінде қарастырылады. Адам еңбегінің әсерінен жер өндіріс құралы ғана емес, оның өзіне ғана тән белгісі – құнарлығымен ерекшеленетін, яғни өсімдіктерді көбейту, оларды қамтамасыз ету, маңызды қоректік заттармен қамтамасыз ету қасиеттеріне ие. Демек, жер – құнарлылық сияқты орны толмас қасиеттері бар бірегей нысан болып табылады.

Жер ресурстары – қайта өндіруге болмайтын кеңістіктік шектеулі ресурстар. Жер қоғамның қызмет етуіне белсенді әсер етеді, атап айтқанда ол өмір сүрудің кеңістіктік негізі және өндіріс құралы ретінде қажеттіліктерді қанағаттандырады. Сондықтан, жер ресурстарын басқару тек маңызды ғана емес, сондай-ақ өте күрделі әлемдік деңгейде барша адамзатты толғандыратын ауқымды әрі өзекті тақырып болып табылады.

Жер өзінің табиғи қасиеттеріне, географиялық орналасуына, қоғамның өндіргіш күштерін бөлудің тарихи қалыптасқан және дамып келе жатқан жүйесіне байланысты қоғамдық өндіріс жүйесінде әртүрлі қоғамдық өндірістік функцияларды атқара алады. Осы функциясына сәйкес жер заңнамасында жерді арнайы топтар – категорияларға бөліп қарастырады. Оларға ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер; елді мекендердің жері, өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер; орман қорының жері; су қорының жері; босалқы жерлер жатады [1].

XXI ғасырда бүкіл дүниежүзілік қоғамдастыққа әсер еткен экономикалық дағдарыс жағдайында жер ресурстарын рационалды басқарудың рөлі ерекше. Елімізде жүргізіліп жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық реформалар соның айқын дәлелі.

Қазақстан Республикасының жер ресурстары еліміздің нарықтық жағдайына, халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететін жер қорының маңызды бөлігі. Жер ресурстарын рационалды пайдалану, қорғау, басқару, оның дамуына ықпал ету бүкіл елдің алдында тұрған актуальды мәселе. Жер ресурстарын басқаруда мемлекеттің функцияларының рөлі ерекше. Зерттеу барысында жер ресурстарын басқарудың құқықтық және ұйымдастырушылық механизмдеріне тереңірек шолу болады. Өйткені бүкіл жер ресурстарын басқару системасы жер заңнамасының тиісті түрде қолданылуына, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарының реттелген жүйесіне байланысты.

Жер ресурстары өмір сүрудің кеңістіктік негізі және өндіріс құралы ретінде қоғамның қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Жер ресурстарының жай-күйін тұрақты қамтамасыз ету кез-келген дамыған елдің приоритетті бағыты болып табылады. Дегенмен, жер ресурстары қайта өндіруге болмайтын, кеңістіктік шектеулі ресурстар болғандықтан, оны тиімді басқару жүйесін қалыптастыру мемлекеттің алдында тұрған басты мәселелердің бірі.

Жер ресурстары қоршаған әлемде бірқатар практикалық мағынаға ие: олар биологиялық тіршілік иелері, оның ішінде адам үшін өмірдің негізі болып табылады; олар кез келген материалдық өндірістің негізін құрайды; олар экожүйенің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекет пен қоғам оларды сақтау және қалпына келтіру мәселелеріне ерекше көңіл бөлуде.

Сапалы, өнімділігі жоғары жер ресурстары арқылы халықты қажетті мөлшерде азық-түлікпен қамтамасыз ету әлемдік деңгейдегі мәселе. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша, әлемде 2050 жылы адамзат саны 10 млрд шамасында болады, сондықтан азық-түлікті 60% - дан жоғары мөлшерде өндіру қажеттілігі туындайды [2]. Ал азық-түлік мөлшерінің өнімді болуы тікелей мемлекеттің жер ресурстарын рационалды пайдалануы мен басқару механизмдеріне байланысты.

Жер ресурстарын тиімді басқару елдің тұрақты дамуына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Әсіресе, ауыл шаруашылық жерлеріндегі жер ресурстарын басқару, максималды өнім алуға

бағытталған. Дегенмен, көп елдерде жер ресурстарын тиімді басқаратын білім, инфрақұрылым және қажетті ресурстар жетіспейді.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа жолдауларында жер ресурстарын дұрыс пайдалану, озық технологияларды енгізу, қоршаған ортаны қорғау және жерді пайдалануды тұрақты дамыту мәселелерін үнемі көтеріп келеді [3]. Кез келген жүйені басқару тұтастай алғанда осы жүйенің, оның құрамдас бөлігінің қауіпсіздігін, дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етуден тұрады. Жалпы жер ресурстарын басқарудың мәні туралы келесідей ғалымдар өз зерттеулерінде талдаған болатын.

Мәселен, В.В.Варламовтың пікірі бойынша жер ресурстарын басқару әлеуметтік қатынастардың барлық спектрін қамтиды –әлеуметтіктен экономикалық, құқықтық, экологиялық және басқа да басқару түрлеріне дейін. Демек, жер ресурстарын басқару - мемлекет пен қоғамның жер қатынастарына жүйелі, саналы, мақсатты түрде әсер етуі деп түсіндіреді [4].

Сондай-ақ, Т.В.Волкова өзінің зерттеулерінде жер ресурстарын басқару - объектісі жер ресурстары болып табылатын қоғамдық қатынастарды, қоғамдық мүдделердің тепе теңдігін және адам өмірінің барлық салаларының эволюциялық дамуын сақтауға бағытталған атқарушы органдардың заң арқылы жүзеге асыратын қызметі деп түйіндейді [5].

Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу - жерді ұтымды пайдалануды ұйымдастыруды және оларды экономикалық және құқықтық механизмдер арқылы қорғауды қамтамасыз ететін маңызды тұтқалардың бірі болып табылады [6]. Аталған тұжырымдама жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың маңыздылығын айқын көрсетеді.

Сонымен, жер ресурстарын басқару – бұл жер ресурстарын тиімді пайдалану процесі. Ол тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қажетті жер және табиғи ресурстарды басқарумен байланысты барлық қызметті қамтиды. Жер ресурстарын басқарудың ұйымдық құрылымы дүние жүзіндегі елдер мен аймақтарда жергілікті мәдени және сот жағдайларын көрсететін кең ауқымда өзгереді. Кез келген басқару процесінің негізгі міндеті – адамдарды белгілі бір мақсатқа жетуге бағыттау. Жер ресурстарына келетін болсақ, оларды ұтымды, рационалды пайдалану басқарудың негізгі мақсаты болып табылады. Яғни, табиғи объектілердің қасиеттерін сақтау және экологиялық жағдай жақсарған жағдайда жер учаскелерін бөлуден максималды экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету. Демек, жер ресурстарын басқарудың басты мақсаты – жер қатынастары мен жерді рационалды пайдалану жүйесін құру және қамтамасыз ету, жер қатынастарының барлық субъектілерінің құқықтарын ескере отырып, бюджетке жер төлемдерінен максималды кіріс алу болып табылады.

Мемлекеттік бақылаудың міндеттері жер заңдарының тиісінше атқарылуына, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, азаматтардың жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды орындауын қамтамасыз етуге бағытталған. Өздерінің құзыреті шегінде жерді пайдалану мен қорғау мәселелері жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың нұсқаулары барлық жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар үшін міндетті.

Сонымен, жер ресурстарын мемлекеттік басқару атқарушы билік органдарының қызметі ретінде көрініс табады. Екіншіден, бұл қызметтің мақсатты ұйымдастыруы бар, заңға тәуелді, атқарушы-әкімшілік және реттеушілік сипатта. Үшіншіден, бұл қызмет функцияларды жүзеге асыруды құрайды. Жер ресурстарын мемлекеттік басқаруға: мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, жерге орналастыру, мемлекеттік жер бақылауын жүзеге асыру, жер мониторингі, жерді пайдалануды жоспарлау, құқықтарды тіркеу жер учаскелері, жауапкершілік шараларын қолдану және т.б.

Жерді басқару механизмінің жалпы сипаттамалары (негізгі қажетті элементтер): объектілер, субъектілер, мақсаттарды, әдістер мен құралдарды, сондай-ақ принциптер мен функциялар жүйесі. Жер ресурстарын басқарудың саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, административтік, ғылыми, қоғамдық сияқты бірқатар тетіктері бар. Жер ресурстарын басқару жүйесін реттейтін, қадағалайтын, бақылайтын басты қозғаушы механизмдерге құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдер жатады.

Қазіргі таңда жер ресурстарын рационалды пайдалану мен басқаруда мемлекет тарапынан жасалып жатқан іс– шаралардың эффективті болмауынан пайда болған кемшіліктер жетерлік. Сондықтан, Қазақстанда жер ресурстарын басқарудың құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдерінің тұрақты қалыптаспауының салдарынан, жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбайтын латифундисттердің көбеюі орын алуда. Жерге иелік етудің теңсіздігі бүкіл әлем бойынша дамушы елдердің басты әлеуметтік мәселесі болып табылады. Өркениет тарихында жерге иелік етудегі теңсіздіктердің жалпы үлгісі латифундияның қалыптасуы орын алды, яғни бұл жер меншігінің бүкіл халықтың аз ғана бөлігінде шоғырланған үлгісі.

Жерді сауатты және ұтымды пайдалану мәселелерін табысты шешуге қол жеткізу жер қатынастарын мемлекеттік деңгейде реттеуге байланысты. Жер қатынастарын реттеудегі мемлекеттің рөлі ұйымдық-құқықтық негіздерді басқару, жер құқығы субъектілерінің қатынастарында нормаларды белгілеу, жылжымайтын мүлік объектісі ретінде жерге деген сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі негізінде нарықты реттеуді қолдау болып табылады.

Елімізде осы уақытқа дейін жер мәселесін оңтайландыруға бағытталған қаншама реформалар жүргізілді. Жер реформаларының ең алғашқы кезеңдерінде «Жер қатынастарын кейбір реттеу мәселелері», «Жер қатынастарын әрі қарай жетілдіру туралы» Президент жарлықтары жер қатынастарындағы құқықтық механизмдердің дамуының алғышарттары болды. Сонымен қатар, «Жер туралы» заңды күші бар Президенттің жарлығы 2003 жылы маусымда Жер кодексінің қабылдануына бастау болды.

Жоғарыда көрсетілгендей жер мәселесі бойынша бірқатар құқықтық нормалар қабылданғанымен, оның іс жүзінде қолданылуы күтілген нәтижелерге жеткізетін көпір бола алды ма, құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдердің мемлекетпен басқарылуы тиісті түрде жүзеге асып жатыр ма деген сансыз сұрақтар туындайды. Әрине мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстарды жоққа шығара алмаймыз, дегенмен оның кемшіліктерін анықтап, жетілдіру жолдарын ұсынсақ және сол ұсыныстарды жер саласында қолданысқа енгізетін болсақ, қоғамды толғандырып жүрген біршама жер мәселелері өз шешімін табары анық.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістемесі деректерді жинау мен талдаудың үстелдік әдісін қамтиды: ғылыми жарияланымдарды, нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының жер ресурстары туралы статистикалық ақпаратты талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйелерінің деректер қорын және БАҚ материалдарын зерттеу. Сонымен қатар, зерттеу барысында талымның жалпы және арнайы әдістерінің жиынтығын пайдаланды: жүйелік және теориялық талдау, салыстырмалы құқықтық, анализ, синтез, дедукция, индукция әдістері қолданылды.

Жұмыстың ақпараттық негізі ретінде В.В.Варламов, Т.В.Волкова, Ж.Т.Сейфуллин, Г.Ж.Сейтхамзина, Г.Н. Нюсупованың еңбектері қолданылды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Жер кодексі; Қазақстан Республикасының жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есеп; Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасының есебі қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жер ресурстарын басқарудың құқықтық механизмдерінің осал тұстарының көрінісі ретінде жер мониторингі жүргізу нәтижесінде анықталған нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан жерлердің көп болуын негіздесек болады.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің приоритетті екені көрсетілген. Әлемде барлық өмір сүруге жарамды жерлердің жартысы ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Еліміздегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі ресурстардан келетін экономикалық тиімділікті айтпасада түсінікті. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – ел меншігі болып табылатын ең жақсы, құнарлы жерлерді қамтитын ерекше санаттағы жерлер. Ауыл шаруашылығында жер белгілі бір объектілерді орналастырудың кеңістіктік және эксплуатациялық негізі ретінде ғана емес, сонымен қатар негізгі өндіріс құралы ретінде де пайдаланылады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауылды елді мекендердегі шын мәнінде жердің қыр-сырын білетін, жерді түрлі эрозиялардан, деградациядан сақтайтын шаралар қабылдап, ерекше күтіммен қарайтын шаруалар мен фермерлердің қолында болмауы қаншама қиындықтар тудыруда. Сондай-ақ, 2018 – 2019 жылдары жер комиссиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікпен бірге еліміздегі 18 ірі қалаларда және 24 аудандық орталықтарда жер мәселелері бойынша семинарлар өткізген болатын. Сондағы жүргізілген сауалнама нәтижесінде қарапайым шаруаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің қолжетімсіз екендігі анықталды. Көбіне жер белгілі бір жеке топтан тұратын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қолдарына өтіп жатқаны белгілі. Ауыл тұрғандарының ауыл шаруашылығына арналаған жерлерінің болмауы, ал иемденген топтардың өз пайдасына бағытталған әрекеттері, жердің деградацияға ұшырауына, құнды жерлердің пайдаланылмай жатқан жерге айналып, құнсыздануына әкелген болатын. Жердің деградацияға ұшырауы келесідей формаларда көрініс табады: тұздану, су және жел эрозиясы, құм басып қалу, органикалық заттардың азаюы және тығыздалуы түрінде көптеген елдерде көрініс табады Қазіргі уақытта дүние жүзіндегі жер ресурстары ең күрделі сынаққа тап болып отыр. Егістіктің топырақ эрозиясына ұшыраған жер көлемі жылына шамамен 24 миллиард тоннаны құрайды. Бұл дегеніміз жердің азып-тозуын болдырмау үшін, жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін жер ресурстарын

басқарудың құқықтық - ұйымдастырушылық механизмін дамытуды қажет етеді, шаруалар мен фермерлерге өз елді мекендерінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдаланулары қолжетімді болуы керек. Мемлекет тарапынан жер учаскесін беру кезінде барша құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдерді ескере отырып, жүйені фермерлер мен шаруаларға қолжетімді болатындай қылып, жеңілдету қажет.

Сондай-ақ жер заңнамасын зерттеу нәтижесінде конкурстық негізде жер учаскесін беру кезінде «мүдделер қақтығысы» деген терминнің мүлде болмауы, конкурста көптеген құқықтық бұзушылықтарға алып келуде. Авторда жер заңнамасында, конкурстық ережелерде бұл термин неге кездеспейді деген сұрақтар туындады. Жалпы мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық [7]. Бұл ашық бюрократияны, сыбайлас жемқорлықты, конкурстағы әділетсіздікті дамытуы мүмкін. Мысалы, конкурс ұйымдастырушысы мен қатысушы өзара туысқан болса, мүдделер қақтығысы туындайды. Демек, конкурс нәтижесінде жер телімінің өзара мүдделі азаматтардың қолында болу қауіпі жоғары. Жер ресурстарын рационалды пайдалану үшін, сол жерді дұрыстап қарайтын тұлғаның болуы шарт. Ал ол үшін конкурстық құжаттамаға, заңға мүдделер қақтығысы ұғымын енгізу қажет және мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда заң бойынша жауапкершілікке тартылатын іс-шаралар қатаң түрде қарастырылуы қажет.

Сонымен қатар, қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жерлерінің азайып, босалқы жерлердің көбеюі мәселесіде өзекті. Қазақстан Республикасының жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есептің көрсеткіштеріне сәйкес, соңғы 30 жылдың ішінде орын алған ауыл шаруашылығы жерлері мен босалқы жерлердің көлеміндегі айырмашылықты қарастырсақ болады. Тәуелсіздік алған жылы ауыл шаруашылығына арналған жер қорының көлемі 218 375,8 мың.га болса, 2020 жылы 108 562, 7 мың.га ғана болды. Енді босалқы жерлердің көлемін салыстырып қарасақ, 1991 жылы елімізде небәрі 18 952,3мың.га болды, ал 2020 жылы 93 642,1 мың.га жетті. Демек, анализ барысында ауыл шаруашылық жерлерінің соңғы 30 жылда екі есе азайғанын және босалқы жерлердің керісінше көбейгені анықталды [8]. Неліктен, экономикаға пайдасын әкелетін приоритетті жерлер саны азайып кетті, ал есесіне қолданылмай жатқан жердің саны күрт көбейді деген сұрақ туындайды. Бұл мемлекеттің құқықтық - ұйымдастырушылық механизмдер арқылы босалқы жерлерді ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыстыру жұмыстарын жүргізу арқылы және босалқы жерлерді нақты анықтау жұмыстарын ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Келесі мәселе ретінде 2016 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шет ел азаматтарына жалға беру туралы сұрақ туындағанда, халықтың жаппай көтеріліп қарсы болғанын қарастырсақ болады. Соның нәтижесінде мемлекеттік жер комиссиясы құрылып, жер қатынастары бойынша жер комиссиясының ұсыныстары дайындалып жер кодексіне енгізілген болатын. Жер қатынастары қоғамдағы барлық салаларға әсер ететіндіктен, оның құқықтық мәселесін шешу жер комиссиясының қаншама отырыстарының негізгі мақсаты болды. Дегенмен, бұл өте күрделі мәселе болғандықтан, 24 баптың 1 тармағын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға беруге 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін мораторий енгізілді. Есесіне, шет ел азаматтарына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді жеке меншікке беру мәселесі мүлдем жойылды. Аталған жағдай жер комиссиясының құқықтық тетіктерді реттеу мәселесінің бір бөлігінің шешімін тапқандығының көрінісі. Дегенмен, туындаған даулар жер мәселесі бойынша мемлекет пен халық арасында қарапайым тілмен түсіндіру жолдарының ақсаңдауының көрінісі. Яғни, жер ресурстарын мемлекеттің құқықтық тетіктері жағынан басқарылуының кемшіліктерінің бірі жер дауларының көбеюі, халық пен мемлекет арасындағы түсінспеушіліктердің пайда болуы. Жанжалдар басқару институттарының тетіктері әлсіз елдер үшін үлкен проблемаға айналады. Кез-келген жанжал, дау халықпен ашық диалог арқылы шешілуі қажет, ұйымдастырушылық механизмдерді жүзеге асыру арқылы мемлекет мен халық арасы қазіргідей алшақ болмауы қажет.

Мемлекеттік органдардың жер мәселелерін ретсіз және жүйесіз құқықтық реттеуі жаппай жер дауларына, мемлекеттік қызметкерлердің өкілеттігін асыра пайдалануына, жер берудегі сыбайлас жемқорлыққа, жер қатынастарының күрделенуіне және елдегі әлеуметтік шиеленістерге әкелді. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасының есептеріне сәйкес 2019 жылдың өзінде жер даулары бойынша 6276 өтініш келіп түскенін байқауға болады [9]. Демек, жер ресурстарын басқаруда мемлекет тарапынан атқарылатын жұмыстарды одан әрі жетілдіре түсу қажеттігі туындайды. Жер саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында еліміздің барлық аумағында жер мониторингін жүргізу жыл сайынғы маңызды шара болуы керек, себебі қазіргі таңда жер мониторингі жүргізілсе де тек шағын аумақтарды қамтиды. Бұл шаралар жер дауларының азаюына ықпалын тигізуі мүмкін.

Мемлекеттегі басқару жүйесін жетілдірудің ұйымдастырушылық механизмдері ретінде 2021 жылғы 30 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды [10]. Ол жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау функцияларын 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап аумақтық бөлімшелерін құра отырып, орталық уәкілетті органның ведомствосына беруді көздейді. Осылайша, жер беру жөніндегі функциялар әкімдіктерде қалды, ал әкімдіктердің жер беруін және меншік иелерінің/жер пайдаланушылардың жерді пайдалануын бақылау жөніндегі функциялар аумақтық департаменттерді құру арқылы ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетіне берілді. Бұл Қазақстанда жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың бірыңғай вертикалі құрылып, жер қатынастары саласында жинақталған проблемаларды шешу мен тәртіпке келтіру үшін аса маңызды қадам болды.

Дегенмен, мемлекеттік атқарушы органдардың жер ресурстарына қатысты өкілеттіктерін нақтылай түсу қажет. Мәселен, жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы қаулыға сәйкес көрсетілген агенттіктің өкілеттіктері жалпылама түрде берілген, оның нақты қызметтері мен міндеттерін ашып көрсету басқару жүйесінің ұйымдастырушылық тетіктерін реттеуге ықпалын тигізуі мүмкін. Сонымен қатар, жер ресурстарын басқаратын атқарушы органдардың жұмысын бағалайтын объективті көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру сияқты ұйымдастырушылық механизмдерді енгізі арқылы, басқару жұмысының эффективті болуына ықпалын тигізеді. Әлсіз басқару жүйесі жер ресурстарын тұрақты дамытуды жоспарлаудың басты шектеуі болып табылады [11]. Басқару саласындағы трансформациялық процестердің өзектілігі мен маңызы бойынша мамандарды қалыптастыру қажеттілігін де жер ресурстарын басқарудың ұйымдастырушылық механизмдерінің көрсеткіші болады. Оң нәтижелі реформаларды жүзеге асыру мамандардың кәсіби даярлық деңгейіне, олардың біліктілігі, жедел әрекет ету және дұрыс шешім қабылдау қабілетіне, әртүрлі деңгейдегі әртүрлі жағдайларда басқару алу қабілеті болуының маңызы зор. Қазіргі кезеңде мамандардан тек кәсіби білімнің болуы ғана емес, сонымен қатар экономика саласындағы білім, басқарушылық білім мен мәдениет, психологиялық тұрақтылық, тұрақсыз ортада жұмыс істеу және ақпараттың үлкен көлемін қабылдай алу мүмкіндігі сияқты біліктіліктер сұралуы қажет. Мұндай мамандарды таңдау немесе ұйымдастыру мүмкіндігі оларды оқыту, қайта даярлау және біліктілік дәрежесін жоғарылату – мемлекеттік қызметті жүзеге асыратын мамандарды қалыптастыру процесінің құрамдас бөліктерінің бірі. Демек, жер ресурстарын басқарудың ұйымдастырушылық механизмдерінің көрінісі ретінде жаңа ғасырдың талаптарына сай аппараттағы мамандардың болуы шарт.

Жерге орналастыру мемлекеттік мекемесінің құқықтық негіздерін жетілдіру келесі механизмдерді қолдануды талап етеді: жер ресурстарын мемлекеттік басқару, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті және жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының құрылымдық тұтас, жан-жақты және дәйекті жүйесін құру; орындалуы жер ресурстарының жай-күйіне әсер етуі мүмкін жоспарлар мен бағдарламаларды қабылдау кезінде арнайы бағалауды енгізу және қолдану үшін нормативтік құқықтық базаны құру; Қазақстан Республикасының жерді қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту және құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету.

Мақалада талқыланған жер ресурстарын рационалды пайдалану мен тиімді басқару бойынша аталған мәселелерді нақты тізбектейтін болсақ, нәтижесінде келесідей кемшіліктер анықталды:

- Жер ресурстарын нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбай, өз пайдасын көздейтін латифундисттердің көбеюі;
- Ауыл шаруалары мен фермерлерге елді мекендерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің қолжетімсіздігі;
- Жер конкурстарында мүдделер қақтығысының жиі орын алуы;
- Жер қорының деградацияға, эрозияға ұшырауы, құнсыздануы, жарамсыз болып қалуы;
- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің соңғы отыз жылда еке есе азайып, босалқы жерлердің көбеюі мәселесі;
- Жер мониторингін жүргізу мәселесі;
- Мамандардың кәсіби даярлық деңгейінің әлсіздігі;
- Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен халық арасында жер мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігі;
- Жер ресурстарын басқаратын атқарушы органдардың өкілеттіктерінің айқын болмауы, біртұтас жүйенің болмауы. Мемлекеттік органдардың жер ресурстарын ретсіз, жүйесіз басқаруы, сыбайлас жемқорлықтың көбеюі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жер ресурстарын эффективті басқарудың алғашарттары заңнаманы реттеу, басқару жүйесінің структурасын реттеу, яғни құқықтық – ұйымдастырушылық механизмдерді жетілдірудің маңызы зор екендігі айқын. Сондықтан, жер ресурстарын басқарудың келесідей құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдер арқылы жетілдіру жолдарын ұсынамыз:

Жер учаскелеріндегі қаншама жер ресурстарының дұрыс бағытта қолданылмай жатқандығынан, елімізде барлық сала жапа шегуде. Сондықтан, жер ресурстарын басқаратын орталық атқарушы орган мен жергілікті атқарушы органдарға нысаналы мақсатта пайдаланылмай жатқан жер учаскелерін тез және кең аумақты қамтып айқындау үшін жер инспектірлерінің үздіксіз тексеру жұмыстарын жүргізулерін талап етулері қажет. Алайда, елімізде жер инспектірлерінің санының шектеулі болуынан, латифундисттердің қолдарындағы көп учаскелер анықталып жатқан жоқ. Бұл жерде де мәселені реттейтін құқықтық-ұйымдастырушылық механизм қажет, неге штатта жер инспектрлері аз, қалайша олардың санын, сапасын төмендетпей көбейтуге болады деген сұрақтарда орталық атқарушы органдарда көтерілу қажет. Сондай-ақ, қазіргі таңда «Жер қатынастарын цифрландыру» атты заңның жобасы белгіленген. Болжам бойынша, бұл заңнаманың енгізілуі Қазақстандағы жер қатынастарындағы ашықтықты, сыбайлас жемқорлықтың болмауын, мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз етеді (тұжырымдамасы). Сондай-ақ, барлық процесстердің электронды форматта болуы, көптеген процесстерді жеңілдетеді деген үміттеміз.

Елді мекендердегі халықтың ауыл шаруашылығымен айналысатын жерлерінің жоқ болуы, ол учаскелерді алуға тіпті мүмкіндіктерінің болмауы. Соның нәтижесінде, жердің деграцияға ұшырауы орын алуда. Жердің азып-тозуы бүкіл әлемді толғандыратын глобальдық мәселе, одан жердің құнарлығы төмендеп, экономикаға үлкен залалдар әкелуде. Оның дәлелі жалпы әрбір елдің 40-66% территориясындағы жердің деграцияға ұшырауға бейім екендігінде. Жоғарыда талқыланғандай бұл мәселені шешу үшін, жер заңнамасына «мүдделер қақтығысы» ұғымын енгізуді ұсынамыз. Егер де осы ұғым конкурстық ережелер мен заңда қарастырылған болса, халықтың әділетті түрде конкурсқа қатысып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді алу мүмкіндігі пайда болар еді. Осылайша, жер учаскелерінің барлығы тек белгілі бір мақсатты, пайданы көздегендердің қолына түсу жағдайлары азаяр еді.

Босалқы жерлердің көбеюі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің күрт азаюы, кез-келген ел үшін алаңдатарлық мәселе. Бұл мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан мақсаты бойынша босалқы жерлердің ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге ауыстырылу жұмыстары ұйымдастырушылық механизмдерді қолдану арқылы жүргізілуі тиіс. Жер мониторингін жүргізу арқылы босалқы жерлер туралы нақты ақпаратты жинау жұмыстарын күшейту қажет. Цифровизация дәуірінде қолданысқа жаңа технологиялық құралдарды қолдану. Мәселен, космо мониторингты жандандыру арқылы, дамыған елдердің тәжірибелерін қолдану жұмыстарын жүргізу.

Мемлекет пен халық арасында өзара диалогтың болмауының салдарынан туындап жатқан түсініспеушіліктерді шешетін іс-әрекеттер жүргізілуі қажет. Әсіресе, халыққа жер мәселесі бойынша құқықтық сауаттылықты арттыру маңызды. Жер комиссиясының қабылдап жатқан шешімдері, жер саласындағы тұлғаларға түсінікті болғанымен, оны қарапайым халық бұрыс мағынада түсінулері мүмкін. Ол үлкен қоғамдық дүрбелеңдерге, қақтығыстарға алып келуі әбден мүмкін. Сондықтан, алдын-ала жасалынған жоспар арқылы атқарушы органдардың құқықтық түсіндіру жұмыстары әр облыста, ауданда ұйымдасқан түрде жүргізілуі тиіс. Мемлекеттің бюджет есебінен қамтамасыз етілетін жер саласындағы мамандардың елді мекендерге барып түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз. Ұйымдастырушылық механизмнің көрінісі ретінде жер институттарының бірлесіп жоғарыда аталғандай жұмыс жасаулары болып табылады. Біздің елімізде бұл жүйе өкінішке орай жеткілікті деңгейде орнықтағандықтан, осы шараларды дамытуды ұсынамыз.

Жер ресурстарын мемлекеттік басқаруды бір жүйеге келтіру, бытыраңқы системаны жою. Атқарушы органдарға тек кәсіби даярлығы жеткілікті азамттарды қамтитындай етіп ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау шараларын және өз өкілеттігін асыра пайдалану кезіндегі жауапкершілікті қатаңдату.

Аталған іс-шаралар жер ресурстарын басқарудың құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдерінің кішкене ғана бөлігі болсада, олардың іске асырылуы мемлекеттегі жер ресурстарын басқару жүйесін жетілдірудің жолдары болатынына сенеміз. Жоғарыда аталған ұсыныстарды тәжірибе негізінде өз қолданысын табатын болса, жер ресурстарын рационалды пайдалануға және оның құқықтық-ұйымдастырушылық механизмдері арқылы тиімді басқарылуына алып келеді.

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылдың 20 маусымындағы №442 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>
2. United Nations World Food Programme. (2020). <https://www.wfp.org/>
3. Послание Президента Республики Казахстан «Казахстанский путь 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400002014>
4. В.В.Варламов. Содержание управления земельными ресурсами на современном этапе. 2018.
5. Волкова Т.В. Механизмы управления земельными ресурсами: понятие и структура. Вестник Томского государственного университета №35.. Право - 2020.
6. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж., Нюсупова Г.Н. Государственное регулирование земельных отношений: экономико-правовой механизм управления рациональным использованием и охраной земель. Учебное пособие. - Алматы, 2011.
7. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы №410 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>
8. Қазақстан Республикасының жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есеп. - 2020.
9. «Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасының есебі». - 2019. <https://aisgzk.kz/>
10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы». ҚР 2021 жылдың 30 маусымындағы № 59 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000059>
11. Graciela G. (2017). Metternicht Global land outlook working paper: Land use planning // <https://knowledge.unccd.int/>

УДК 340.147

Д.С. Закенова

Магистрант 2 курса

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: Zakenova.d.19@gmail.com

PROBLEMS OF APPLICATION OF INTERNATIONAL EXPERIENCE IN THE NATIONAL LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ON ENVIRONMENTAL PROTECTION IN CONNECTION WITH TECHNOGENIC IMPACT

Аннотация. Предметом исследования выступает выявление проблем применения международных требований и стандартов в национальном законодательстве Республики Казахстан по защите окружающей среды вследствие техногенного воздействия. Автором изучены правовые пробелы в национальном законодательстве и предоставлены рекомендации для устранения проблем и совершенствования законодательства.

Ключевые слова. Техногенное воздействие, конвенция, экология, государственная система, международный опыт.

Аннотация. Зерттеу тақырыбы техногендік әсердің салдарынан қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында халықаралық талаптар мен стандарттарды қолдану проблемаларын анықтау болып табылады. Автор Ұлттық заңнамадағы құқықтық олқылықтарды зерттеп, проблемаларды жою және заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар берді.

Кілт сөздер. Техногендік әсер, Конвенция, экология, мемлекеттік жүйе, халықаралық тәжірибе.

Annotation. The subject of the study is the identification of problems of application of international requirements and standards in the national legislation of the Republic of Kazakhstan on environmental protection due to man-made impacts. The author has studied legal gaps in national legislation and provided recommendations for eliminating problems and improving legislation.

Keywords. Technogenic impact, convention, ecology, state system, international experience.

Multilateral environmental agreements provide a negotiating platform for solving important environmental problems affecting the populations of entire countries and going beyond their geopolitical borders. They also promote international cooperation, accountability and oversight. As such, they are an extremely powerful strategic tool to accelerate change and address health inequalities from exposure to pollutants. These agreements operate through legal acts (conventions and other governance mechanisms) with a high degree of political legitimacy aimed at solving specific problems, for example, toxic and hazardous chemicals, hazardous waste, air pollution, water quality and climate change. They can have a great influence on sectoral policy primarily in three sectors (environment, transport and energy), as well as in agricultural, industrial and other sectors. Since the emergence of the Environmental and Health Process in 1989 Negotiations were held with the subsequent entry into force of a number of new legally binding multilateral environmental agreements directly related to environmental and health issues in the European region. Examples include the 1991 Convention on Environmental Impact Assessment in a Transboundary Context (UNECE, 1991; the so-called Espoo Convention) and its 2003 Protocol on Strategic Environmental Assessment (UNECE, 2003 (b)); 1992 Convention on the Transboundary Effects of Industrial Accidents (UNECE, 2008); Convention on the Protection and Use of Transboundary Watercourses and International Lakes, 1992 (UNECE, 1992); UNFCCC, 1994 (UNFCCC, 2014); the